

**КМКҚ «ІТ және жаңа технологиялар жоғары колледжінің»
медициналық қызметінің жылдық есебі
2024-2025 оқу жылына арналған**

Колледж студенттеріне медициналық қызмет көрсету бекітілген кешенді жоспарға және тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес жүргізіледі.

Ұйымдастырушылық жұмыстар аясында төмендегідей іс-шаралар өткізілді:

- Оқу жылының басында колледж әкімшілігі №7 емхана (Диагностикалық орталық) мен оқу жылы барысында тегін медициналық қызмет көрсету туралы келісімшарт жасасты. Жаңа қабылданған студенттер ЦОН арқылы осы емханаға тегін қызметке тіркеледі.
- Оқу жылының басында жаңа қабылданған студенттердің 075-У анықтамалары тексерілді.
- Сонымен қатар, оқу жылының басында Наркологиялық диспансермен және СПИД орталығымен бірлескен жұмыс жоспарлары бекітіледі. Осы мекемелермен медициналық қызмет және тәрбие жұмысы жоспарына сәйкес бірлескен іс-шаралар өткізілді.
- №7 емханамен бірлесіп, колледж қыздары арасында ерте жүктіліктің, түсіктің және ЖЖБИ-дің (жыныстық жолмен берілетін инфекциялардың) алдын алу мақсатында гинеколог және психолог дәрігерлердің профилактикалық кездесулері ұйымдастырылды.

Профилактикалық жұмыс аясында өткізілген іс-шаралар:

- 2024 ж. 10–12 қыркүйек аралығында студенттерге ЖРВИ және тұмаудың алдын алу тақырыбында әңгіме өткізілді. Қамтылғандар саны — 220 адам.
2024 ж. 1 қазан күні жоспарлы флюорографиялық тексеру ұйымдастырылды. Қамтылғандар саны — 328 адам.
- 2024 ж. 11 қазан күні Семей қаласы КМКҚ «ІТ және жаңа технологиялар жоғары колледжінде» Набережнаяда дәстүрлі Денсаулық фестивалі өткізілді. Қатысушылар — бірінші курс студенттері. Қамту — 150 адам.
- 2024 ж. 21–25 қазан аралығында дәстүрлі «Салауатты өмір салты» (СӨС) апталығы өткізілді. Апта аясында мынадай іс-шаралар ұйымдастырылды:
 - СПИД орталығының маманы Тукеева Диляра Даулетбекқызымен кездесу «СПИД мәселелері» тақырыбында;
 - №7 емхананың терапевт дәрігері Чарипова А.М.-мен кездесу «Туберкулездің алдын алу» тақырыбында;

- Семей қаласы Наркологиялық қызмет бөлімінің нарколог дәрігері Абдуллина Виктория Владимировнамен кездесу «Зиянды әдеттерден бас тарту» тақырыбында;
 - №7 емхананың дәрігерлерімен кездесу «ЖРВИ мен тұмаудың алдын алу, вакцинация» тақырыбында.
- 2024 ж. 18 қазан күні колледж директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Есембаева Г.Т. және колледж медқызметкері Омарбаева Ш.Ж. бірінші курс қыздарымен кездесу ұйымдастырды. Талқыланған тақырыптар: 1. Ерте жүктіліктің алдын алу. 2. Түсіктің зардаптары. 3. Қыздардың гигиенасы. 4. Суицидтік құбылыстардың алдын алу. Қамтылғандар саны — 24 қыз.
 - 2024 ж. 5 желтоқсан күні бірінші курс студенттерімен «Ана үйі» орталығының жетекшісі кездесу өткізді. Тақырып: «Жастардың жыныстық тәрбиесі». Мақсаты: СӨС насихаттау, отбасындағы жыныстық тәрбие. Қамту — 145 студент.

Студенттердің денсаулығы — маңызды мәселе. СӨС насихаттау мақсатында әртүрлі саладағы дәрігерлер белсенді түрде шақырылады. СӨС апталығына бірінші курс студенттері қатысып, қаладағы түрлі профилактикалық ұйымдардың іс-шараларына белсене қатысты, сұрақтарға жауап беріп, өз денсаулығы, зиянды әдеттер және дұрыс тамақтану бойынша мол мәлімет алды. Медициналық мамандармен кездесулер бірінші курс студенттерінің профилактикалық білімін арттырып, колледждегі бейімделуіне және ересек өмірге қадам басуына оң әсер етті.

- 2024 ж. 1 қазан және 2025 ж. 14 сәуір күндері жоспарлы флюорографиялық тексеру жүргізілді. Қамтылғандар саны — 630 адам.
- Қышыма, бит, саңырауқұлақ аурулары және вирустық гепатитке тексеру жүргізілді. Қамту — 520 студент.
- Аудандық дәрігерге студенттерді қосымша тексеруге көмек көрсету.
- Қабылдауға бағыттау, әңгімелер жүргізу және т.б.
- Флюоротекшемен жұмыс.
- Оқу корпусының санитарлық жағдайын бақылау.
- Туберкулезбен ауыратындарды анықтау және алдын алу жұмыстары.
- Байланыста болған топтарды флюорографиялық тексеруден өткізу.
- Екпе жұмыстары: барлығы 24 АДСМ екпесі жасалды.
- Өндірістік үй-жайлар мен оқу аудиторияларының техникалық қызметкерлерімен санитарлық-профилактикалық әңгімелер жүргізілді:

- а) Әкімшілік-шаруашылық және оқу кабинеттерінің санитарлық-гигиеналық жағдайы;
- ә) Қазіргі уақыттағы тазалау жұмыстары (0,015% Акма-Хлор ерітіндісімен).
- Санитарлық-ағартушылық жұмыстар: дәрістер мен әңгімелер өткізу.
- Әкімшілік-шаруашылық және оқу кабинеттерінде, дәліздерде, санитарлық тораптарда жалпы тазалық жұмыстарының жүргізілуін бақылау (0,015% Акма-Хлор).
- 2025 ж. 2 мамыр күні студенттермен «Кене энцефалиті» тақырыбында терапевт Чарипова А.М.-ның кездесуі өтті.
- 2025 ж. 16 мамыр күні 1–4 курс қыздарымен «Қыз баланың репродуктивтік денсаулығы» тақырыбында гинеколог дәрігер Нургазина А.С.-мен кездесу өткізілді.
- 2025 ж. 5 мамыр күні терапевт Чарипова А.М.-мен «АДСМ вакцинациясы» тақырыбында кездесу ұйымдастырылды.

Емдеу-сауықтыру жұмыстары аясында өткізілген іс-шаралар:

- Жыл бойы колледж студенттеріне скрининг бойынша медициналық тексеру ұйымдастыру.
- Кенеттен болған аурулар мен жарақаттар кезінде алғашқы медициналық көмек көрсету.
- Науқас және жарақат алған студенттерді қабылдау және есепке алу журналын жүргізу, №7 емханаға жолдау. Медициналық көрсетілім бойынша сабақтан босату анықтамаларын беру.
- Аудандық дәрігерге диспансеризация кезінде көмек көрсету.
- Диспансерлік есептегі студенттерді бақылау.
- Арнайы топтардағы дене шынықтыру сабақтарындағы жүктемені бақылау.

Медбике:

Ш.Ж. Омарбаева

«30» маусым 2025ж.